



БЕКІТЕМІН

Қостанай облысы әкімінің
орынбасары

Р. Мұхаметқали

« » 2024 ж.

**Кітап оқу бойынша
«#ОқыЖәнеЖең»
онлайн байқауын өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ереже

Қостанай облысы әкімдігінің Мәдениет басқармасы, Ақпараттандыру, басқармасы, Қоғамдық даму басқармасы, Білім басқармасы кітап оқу мәдениетін дамыту мақсатында мемлекеттік және орыс тілдерінде онлайн режимінде «#ОқыЖәнеЖең» облыстық байқауын өткізеді.

Байқаудың мақсаты:

Қостанай облысы тұрғындарының назарын қазіргі заманғы тұлғаның кітап оқу мәдениетін дамыту мәселесіне аудару

Байқаудың міндеттері:

- халықтың назарын оқитын адамға, кітапқа аударуды арттыруға ықпал ету;
- облыс халқының оқырмандық белсенділігін арттыруға ықпал ету;
- байқауға қатысушылардың кітаптың, сөздің, кітапхананың рөлін саналы түрде сезінуіне көмектесу.

2. Байқауды өткізу тәртібі

1. Қазылар алқасы байқаудың әр кезеңінде оқылатын қазақ және орыс тілдеріндегі кітаптарды іріктейді.

2. Байқауға облыс тұрғындары үш жас санаты бойынша жіберіледі:

- 10 жастан 14 жасқа дейін (қоса алғанда);
- 15 жастан 18 жасқа дейін (қоса алғанда);
- 19 жас және одан жоғары.

Соның ішінде облыстан тыс жерде уақытша тұратындар (облыста кемінде бір жыл тұрақты тіркеуде тұрған жағдайда және байқаудың соңғы кезеңін өткізу орнына – эссе жазуға өз бетінше келу мүмкіндігі болған жағдайда) қатыса алады.

3. Байқауға қатысушылардың осы Ереженің 2-ші тармағының талаптарына сәйкестігін ұйымдастырушылар байқауға қатысушының соңғы кезеңнен өтуі кезінде тексереді. Ол үшін ұйымдастырушылар мәліметтер базасын зерттейді

немесе қажет болған жағдайда қатысушылардан тиісті растайтын құжаттарды сұрайды.

4. Байқауға қатысушылар <http://kitap10.kz/> сілтемесі бойынша тіркеліп, белгіленген мерзімде өз санаттары үшін бекітілген кітаптарды қазақ және/немесе орыс тілдерінде офлайн немесе онлайн нысанда оқып шығуы қажет және белгіленген күні тестілеуден өтуі керек.

5. Тіркеу 2024 жылдың 29 ақпанда аяқталады. Тіркелген қатысушылар үшін 31 қаңтарда WhatsApp сервисінде байқау туралы хабарлау, кітаптарға сілтемелер алу үшін топтар құрылады.

6. Байқау 2024 жылдың 1 ақпанында басталып, 24 мамырында аяқталады және 4 кезеңнен тұрады:

1-ші кезең – 1 ақпаннан 1 наурызға дейін. 2 наурызда тестілеу өткізіледі;

2-ші кезең – 4 наурыздан 5 сәуірге дейін. 6 сәуірде тестілеу өткізіледі;

3-ші кезең – 8 сәуірден 10 мамырға дейін. 11 мамырда тестілеу өткізіледі;

4-ші кезең – үш кезеңнің қорытындысы бойынша ең аз уақыт ішінде ең көп ұпай жинаған қатысушылар 2024 жылдың 18 мамырында офлайн нысанда эссе жазады. 4-ші кезең Л. Н. Толстой атындағы Қостанай облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында, Ы. Алтынсарин атындағы Қостанай облыстық балалар мен жасөспірімдер кітапханасында, орталық қалалық және аудандық кітапханаларда өтеді.

Қорытындысын шығару және марапаттау 2024 жылдың 24 мамырында өткізіледі.

7. Байқаудың төртінші кезеңіне алдыңғы үш кезеңнің жиынтығы бойынша ең көп ұпай жинаған ең кемі 80 қатысушы (қазақ тілінде 40 адам және орыс тілінде 40 адам) жіберіледі.

8. Байқаудың кәмелетке толмаған қатысушылары өздерінің бірге туған және бірге тұмаған кәмелетке толмаған бауырлары және ата-аналары қатысқан жағдайда қосымша ұпай алуға үміткер бола алады. Қосымша ұпай алу үшін екінші кезеңнің тестілеуіне қатысқан байқауға қатысушылардың бірі үшінші кезеңнің тестін тапсырудан бір күн бұрын байқауға қатысып жатқан балалардың туу туралы куәліктерін ұсына отырып электронды түрде өтініш жазуы тиіс. Қамқоршылық жағдайында оны растайтын тиісті құжаттар (kitap10@list.ru электронды поштасына) ұсынылады.

Қосымша ұпайлар әрбір кәмелетке толмаған қатысушыға беріледі:

2 ұпай – бір отбасынан 3 қатысушы;

3 ұпай – 4 қатысушы;

4 ұпай – 5 қатысушы;

5 ұпай – 6 қатысушы және одан да көп.

9. Байқауға қатысушылар бір мезгілде қазақ және орыс тілдерінде қатыса алады. Екі тілдегі байқаудың жиынтығы бойынша ең көп ұпай жинаған байқаудың екі қатысушысына (әр жас тобында) арнайы сыйақы ретінде лагерьге немесе шипажайға жолдама беріледі.

10. Байқауға қатысушылар Google нысанында тест тапсырады. Тестілеуден өту үшін қатысушыларға әр шығарма бойынша 50 сұраққа (автоматты жүйемен анықталады) жауап беру ұсынылады. Тест тапсырмасын орындау уақыты – 60 минут. Берілген уақыт өткеннен кейін жіберілген жауаптар есептелмейді.

11. Төртінші кезеңде кандидаттар ұйымдастырушы белгілеген орындарда қағазға эссе жазады. Эссе жазу уақыты – 60 минут. Байқауға қатысушыларға интернетті, телефондарды, ноутбукты және басқа да техникалық құралдарды пайдалануға тыйым салынады.

Байқауды ұйымдастырушылар кандидатты жеке басын куәландыратын құжат бойынша базада белгілегеннен кейін жеке коды бар парақтарды ұсынады (жеке код қатысушы 4-ші кезеңде тіркелгеннен кейін автоматты түрде беріледі). Қазылар алқасы бағалау кезінде байқауға қатысушының аты-жөнін немесе бүркеншік атын көрмейді.

Қазылар алқасының әр мүшесі эссені тексеру кезінде әрбір жауапты он балдық бағалау жүйесі (3 сұрақ) бойынша дербес бағалайды және өз бағасын базаға енгізеді. Қорытынды баға қазылар алқасы мүшелері бағаларының орташа мәні бойынша шығарылады.

12. Байқау туралы және оның қорытындысы туралы ақпарат Мәдениет басқармасының, Қоғамдық даму басқармасының, Ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және мұрағаттар басқармасының, Білім басқармасының, қалалар мен аудан әкімдіктерінің, Л. Н. Толстой атындағы Қостанай облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының, Ы. Алтынсарин атындағы Қостанай облыстық балалар мен жасөспірімдер кітапханасының, орталық қалалық және аудандық кітапханалардың ресми интернет-ресурстарында (сайттарында, әлеуметтік желілерінде), БАҚ орналастырылады.

4. Қорытынды ереже

1. Байқаудың жеңімпаздары 4-ші кезеңдегі эссенің нәтижелері бойынша анықталады.

2. Байқаудың жеңімпаздары мен жүлдегерлері келесідей марапаттарға ие болады:

- Алғыс хаттар;

байқауға қазақ және орыс тілдерінде жеке қатысқан жеңімпаздар:

- I (6 адам), II (12 адам), III (18 адам) дәрежелі дипломдар және ақшалай сыйлықтар;

байқауға екі тілде қатысқан жеңімпаздар (әр жас санатында екі жеңімпаз):

- 4 жеңімпаз (оқушылар) – Қазақстанның үздік балалар лагеріне жолдама;

- 2 жеңімпаз (ересектер) – Қостанай облысы денсаулық сақтау басқармасының М. Қарабаев атындағы шипажайына жолдама.

Барлық сұрақтар бойынша мына телефонға хабарласуға болады:

8-707-665-56-80, 8-747-447-62-90 (қазақ тілінде), 8-708-125-62-19 (орыс тілінде).